

**"Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім) толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 7 ақпан N 196

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім) толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім)  
толықтыру енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылдаған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім) ( Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 23-24 (қосымша); 1995 ж., N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 187-құжат, N 14, 274-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 5, 55-құжат, N 12, 183, 184-құжат; N 13-14, 195, 205-құжат; 1998 ж., N 2-3, 23-құжат; N 5-6, 50-құжат; N 11-12, 178-құжат; N 17-18, 224, 225-құжат; 1998 ж., N 23, 429-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 1999 ж., N 20, 731-құжат; 1999 ж., N 23, 916-құжат; 2000 жылғы 10 қарашада "Егемен Қазақстан" және 2000 жылғы 9 қарашада "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне мүлікті бағалау мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 8 қарашадағы Заңы) мынадай толықтыру енгізілсін:

299-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:  
"3. Мемлекеттік тіркеуге жататын әуе және теңіз кемелерін, ішкі суда жүзетін

кемелерді, "өзен-теңіз" жүзудегі кемелерін кепілдікке (ипотекаға) беруге байланысты құқықтық қатынастар арнайы заң актілеріне қайшы келмейтін бөлігінде осы Кодекспен реттеледі.

Заң негізінде туындаған теңіз кепілдігі бойынша кепіл ұстаушы басқа кепіл ұстаушылардың алдында кепілге салынған мүлік құнынан артықшылықпен қанағаттандырылады.

Осы баптың 3-тармағының бірінші және екінші бөліктегіндегі талаптар жасалып жатқан теңіз кемелеріне, ішкі суда жүзетін кемелерге, "өзен-теңіз" жүзудегі кемелеріне де қолданылады.".

2-бап. Осы Заң жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.,  
Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК